

## СУАРМАЛЫ ЖЕРДІ СУАРЫЛМАЙТЫН ЖЕРГЕ АЙНАЛДЫРУ ТӘРТІБІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 15 ақпан N 188. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.10.14. N 1262 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің енгізген суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру Тәртібі (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 15 ақпанды  
N 188 қаулысымен  
Бекітілген  
Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру  
Тәртібі

1. Бұл тәртіп Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 76-бабына сәйкес өзірленді.

2. Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру қажеттілігі оларды басқа да алаптарының құрамында одан әрі пайдаланудың экологиялық және ауыл шаруашылық мақсатқа сәйкестілігімен негізделеді.

3. Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуудың негізі - жер иеленушінің, жер пайдаланушы немесе жалгердің суарылатын жер участкері орналасқан жер бойынша аудан (қала) әкіміне берген кепілдемесі болып табылады.

4. Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру жөніндегі жұмыстарды орындауды аудан (қала) әкімінің өтінімі бойынша Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің жерге орналастыру жөніндегі жобалау үйымдары жүргізеді.

Қажет болған жағдайда шарт негізінде осы жұмыстарды орындауга Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің жобалау институттары облыстық бөлімшелерінің мамандары тартылады.

5. Суармалы жерге ауыл шаруашылығының пайдалануына және суаруга жарамды, суару қайнарымен байланысты тұрақты немесе уақытша суару жүйелері бар, олардың су ресурстары осы жерлерді сайларға құю арқылы суаруды жүйелердің пайдалы қозғалысының қолда бар коэффициенті барысында жобалау немесе суару нормаларының қолданылып жүрген белгіленген нормативтері бойынша оңтайлы мерзімде 75 проценттен кем емес жағдайда қамтамасыз ететін жерлер жатады.

Көл табанды суару жерлеріне су тоқтататын жалдары, су реттегіш бөгеттері және алқаптарға қар сусы мен көктемгі селдің, сондай-ақ топырақтың ылғалдануы үшін суару немесе су шығару каналдарынан берілетін судың тоқтауы мен қайта бөлінуін қамтамасыз ететін басқа да гидротехникалық құрылғылары бар учаскеlep жатады.

6. Суармалы жерден суарылмайтын жерге мыналар:  
сүмен қамтылмаған жерлер;

топырақтық-мелиорациялық жайы мен құнарлылығы жер ісімен айналысуға мүмкіндік бермейтін (батпақты топырақ, зиянды сор, құм, аз даму және басқалар) жерлер, сондай-ақ жоғары деңгейде радионуклидтермен, улы заттармен ластанған тоғырақтар;

сайларға қайта бөлу немесе су ресурстары лимиттерінің болмауы салдарынан жайылуы тоқтаған көл табанды суару жерлері айналдырылады.

7. Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру суару алқаптары, жер иеленушілер немесе жер пайдаланушылар бойынша жүргізіледі.

Мелиорациялық жайы оларды суарылмайтын жерге айналдыруды керек ететін суармалы жердің болуы қолда бар жобалау-картографиялық материалдарды, жерге орналастыру, мелиорациялық-құрылым жобаларын, топырақ, топырақ-мелиорациялық іздестіру, тұзды суретке түсіру материалдарын, жер кадастрының, суармалы жерді түгендегендеректерін зерттеу негізінде алдын-ала белгіленеді.

Аталған материалдарды талдау нәтижесінде суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру жөніндегі учаскелер көзделеді.

8. Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыруға жататын жерлерді анықтауды, оларды әрбір шаруашылықтарда алқаптық зерттеу барысында, мүдделі жер иеленушілер немесе жер пайдаланушылардың өкілдерін қатыстыра отырып жерге орналастыру жөніндегі жобалау ұйымдарының мамандары (гидротехник, жерге орналастыруши, топырақтанушы) жүзеге асырады.

9. Ақаптық зерттеу процесінде суарылмайтын жерге айналдыру көзделген суармалы жердің орналасқан жерлері, олардың көлемі, пайдалану түрі, топырақтық-мелиорациялық жағдайы, сумен қамтамасыз етілуі, суару жүйелерінің жайы, тозу құнын, суарылмайтын жерге айналдыру себептерін

көрсете отырып зерттелетін жерлерде орналасқан негізгі қорлардың құны анықтады.

Алқаптық зерттеу нәтижелері алқаптық зерттеу сызбасының қосымшасымен бірге актпен хатталады. Жердің алқаптық зерттеу акті мен сызбасына зерттеу жүргізген жобалау ұйымдарының мамандары, сондай-ақ мүдделі жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың өкілдері қол қояды.

10. Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру жөніндегі материалдар мұналады:

тұжырымдары және ұсыныстарымен қоса түсіндірме жазбасын;

алқаптар бойынша және тұтасымен алғанда жер иелену, жер пайдалану бойынша суарылмайтын жерге айналдыру көзделген суармалы жердің түсіндірмесін;

алқаптық зерттеу актін;

анықталған жер участекерін орналастыруды бейнелей отырып жер иеленуді, жер пайдалануды алқаптық зерттеудің сызбасын;

суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыруға байланысты есептен шығарылатын негізгі қорлардың құны туралы анықтаманы камтиды.

11. Суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру жөніндегі материалдар аудан бойынша қорыту, олармен селолық және су шаруашылығының, табиғат қорғаудың аудандық органдарымен келісі үшін жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық комитетке беріледі.

12. Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық комитет осы Тәртіптің 11-тармағында көрсетілген ұйымдардың ескертулерін ескере отырып жасалған өз қорытындысымен қоса аталған материалды аудан (қала) әкіміне жібереді және ол қараған соң оның шешімімен жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитетке ұсынады.

13. Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитет тұтас алғанда материалды облыс бойынша қорытады, ауыл және су шаруашылығының, табиғат қорғаудың облыстық органдарымен келіседі және өз қорытындысын жасап, оны Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жібереді.

14. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті тиісті облыс бойынша суармалы жерді суарылмайтын жерге айналдыру жөніндегі ұсынылған материалдарды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Экология және биологиялық ресурстар министрлігімен және Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетпен келіседі және өзінің тиянақты қорытындысын жасап, аталған мәселе бойынша түпкілікті шешім қабылдау үшін оны облыс әкіміне

ж і б е р е д і .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірткыш ақпарат институты» ШІЖК РМК